

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Байнассай ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 01 маусымда № 4942 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Байнассай ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Байнассай ауылдық округі әкімінің 29.11.2016 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығымен бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) 1098, 1099 тармақтарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Мәртөк аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринарлық – санитарлық инспекторының 2016 жылғы 29 наурыздағы № 11-3/87 ұсынысы негізінде Байнассай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәртөк ауданы Байнассай ауылдық округі 13 жылдық Қазақстан ауылы тұрғындарының ірі қара малдары табынының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Байнассай ауылдық округінің әкімі*

*С. Кошмагамбетов*